

МРНТИ:15.81.21

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7847.10>

Байбекова М.М.<sup>1</sup>, Күмісбек З.Ж<sup>1</sup>, Махмудова С.Л.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>*Silkway Халықаралық университеті*

## ОНЛАЙН БІЛІМ БЕРУДІҢ ТҮЙТКІЛ МӘСЕЛЕЛЕРІ

### *Аңдатпа*

Бұл мақалада қазіргі таңдағы білім беру саласындағы соңғы орын алған жағдай онлайн қашықтықтан білім берудің өзекті мәселелерін терең сөз етеді. Бүкіл әлемде орны алған. Эпидемиологиялық ситуация жағдайында барлығымызға жаңаша қызмет етіп әрі өмір сүруге тура келеді. Бүгінгі таңда осы өзгерістерге ұрынбаған адамдар жоқтың қасы. Біздің әрқайсысымыз осы өзгерістерге бейімделіп, дағдылы өмір салтына ауысуға тиіспіз. Ең бірінші кезекте балаларға оның ішінде бүкіл халыққа білім беру жүйесіне қайта құрылып өзгеруге тура келеді. Қашықтықтан оқыту тек қана техникалық тұрғыдан емес, әрі педагогикалық және психологиялық тұрғыдан қайта құрылып өзгеруге тура келеді. Педагогтар, оқып білім алушылар, ата-аналар – білім беру жүйесі қарым-қатынасының барлық қатысушылары, тіпті қашықтықтан оқыту жүйесінің де психологиялық қолдауға зәру болады.

Коронавирус – деген сөз планетаның әрбір тұрғыны тілі мен ойында орын алған сөз болды. Бүкіл әлемді жаулаған Пандемия, күнделікті дағдылы өмір салтын бұзып қана қоймай, әрі адамдардың өміріне қорқыныш пен мазасыздануды ұялатты. Аталмыш мақалада қазіргі таңда жүзеге асып отырған ЖОО-дағы онлайн білім берудің түйткіл де өзекті мәселелері терең, әрі жан-жақты сөз етіледі.

**Кілт сөздері:** *коронавирус, пандемия, онлайн қашықтықтан білім беру, Эпидемиологиялық ситуация, Zoom, WhatsApp, қашықтықтан оқыту форматы, вебинар немесе бейнеконференция, digital ұрпақ, Сандық технология, виртуалды сынып.*

Байбекова М. М.<sup>1</sup>, Күмісбек З. Ж<sup>1</sup>, Махмудова С. Л.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>*Silkway Международный университет*

## ПРОБЛЕМЫ ОНЛАЙН-ОБРАЗОВАНИЯ

### *Аннотация*

В этой статье, которая занимает последнее место в современном образовании, подробно освещаются актуальные проблемы дистанционного онлайн-образования. Занимает место во всем мире. В условиях эпидемиологической ситуации всем нам предстоит по-новому служить и жить. Сегодня нет людей, которые не были бы подвержены этим изменениям. Каждый из нас должен адаптироваться к этим изменениям и перейти к привычному образу жизни. В первую очередь, детям, в том числе и всему населению, предстоит трансформироваться и трансформироваться в систему образования. Дистанционное обучение придется трансформировать не только технически, но и педагогически и психологически. Педагоги, обучающиеся, родители-все участники отношений системы образования, даже системы дистанционного обучения, нуждаются в психологической поддержке.

Коронавирус-это слово, которое имеет место в языке и игре каждого жителя планеты. Пандемия, охватившая весь мир, не только разрушила привычный повседневный образ жизни, но и вселила в жизнь людей страх и беспокойство. В данной статье подробно и подробно освещаются актуальные проблемы онлайн-образования в вузе, реализуемые в настоящее время.

**Ключевые слова:** *коронавирус, пандемия, онлайн-дистанционное образование, эпидемиологическая ситуация, Zoom, WhatsApp, формат дистанционного обучения, вебинар или видеоконференция, поколение digital, цифровые технологии, виртуальный класс.*

Baibekova M. M.<sup>1</sup>, Kumisbek Z. Zh<sup>1</sup>, Makhmudova S. L.<sup>1</sup>

## PROBLEMATIC ISSUES OF ONLINE EDUCATION

### Annotation

In this article, the current situation in the field of Education, which occupies the last place in the field of online distance education, will reveal in detail the current problems of online distance education. It took place all over the world. In the context of the epidemiological situation, all of us will have to serve and live in a new way. Today, there are almost no people who are not affected by these changes. Each of us must adapt to these changes and switch to a habitual way of life. First of all, the education system for children, including the entire population, will have to be transformed and transformed. Distance learning will have to be transformed not only from a technical point of view, but also from a pedagogical and psychological point of view. Teachers, students, and parents—all participants in the relationship of the education system, even the distance learning system, need psychological support.

Coronavirus—the word was a word that took place in the language and mind of every inhabitant of the planet. The pandemic, which has engulfed the entire world, has not only destroyed the usual daily lifestyle, but also caused fear and anxiety in people's lives. In this article, we will discuss in detail and in detail the current problems of online education in universities.

**Keywords:** *coronavirus, pandemic, online distance education, epidemiological situation, Zoom, WhatsApp, distance learning format, webinar or video conference, digital generation, digital technology, virtual classroom.*

*Жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне онлайн оқыту жүйесіне қатысты проблемаларды қалай шешу керек?*

Бүкіл әлемде орын алған коронавирус пандемиясы жағдайы жоғары оқу орындарын да тығырықтан шығу жолдарының бірі – қашықтықтан оқытуға шынайы түрде көшуге алып келді. Бірақ бүгінгі күні орын алған жағдайды, яғни оқытуды тыңдаушыларға оқшаулану жағдайындағы шұғыл түрдегі контентті жеткізу ісі деп саналады. Көптеген ЖОО-ры мен оқытушылардың өздері онлайн оқытуға көшуге дайын болмады. 2019 жылы Экономика Жоғары мектебінің зерттеулері көрсеткендей-ақ ғылыми атақ-дәрежелері бар оқытушылар қашықтықтан оқытудың технологияларын меңгерулерін 5 ұпайдың ішінде көлемінде 3,2 ұпай деп бағалағандарын айтады. Әрбір 4-ші оқытушы соңғы үш жылда бірде бір рет вебинар немесе бейнеконференцияларға қашықтықтан қатысу үшін сервистерді қолданбағандықтарын айтады.

Дегенменен, олар бір жағынан онлайн-оқытудың технологияларын меңгеруге тиісті де емес. Оларды бұл үшін арнайы ешкім даярлаған да жоқ және басты заманауи әдістер – университеттердің басты функциясы. Мысалы, хирургты үйден шықпастан өз жұмысын орындауды міндеттеп көріңіз. Мейлің ол Skype арқылы пациентке өзінің соқыр ішегіндегі аппендицитті алып тастауды айтып үйретіп көрсін. Әрине абсурд. Сондықтан да, қандай керемет тапқырлықпен оқытушылар қашықтықтан оқыту форматына ойысып, ауысуда. Бұл әрине жан-жақты мақтауға тұрарлық.

Кейде күлкілі де жағдайлар орын алды. Аймақтық жоғары орындарынан әріптестер кейде мынандай әңгімелерді ортаға салып бөліседі: кейбір оқытушылар студенттерге лекция мәтінін қолмен жазып оны қайтадан скан арқылы тексеруге жіберулерін сұрайтындықтарын да айтты.

Бүгінгі күні адамдар шындық жағдайында қашықтықтан қарым-қатынас жасауға сандық технологиялар арқасында ғана қол жеткізіп отыр, студенттер бір кнопка көмегімен немесе саусақпен планшетте тақтадағы сияқты жазады, ал оларға «Конспектіні қолмен жазыңыздар, ал скан нұсқасын маған жіберіңіздер!» дейді екен.

Немесе мынандай жағдай орын алған: дене тәрбиесінің оқытушысы студенттерге 5 минуттық ролик түсіруді тапсырған, әрине онда олар дене жаттығуларын орындаулары тиіс болған. Дегенменен дене тәрбиесі сабағына қашықтықтан оқытуда креативтірек бағытта қараған дұрыс болар еді, айталық YouTube-тағы дайын бейнебаяндағы роликтерден таңдап соны алып, ашық қолжетімді чек-парақша ашып, содан үйде спортпен айналысқандары жақсы, әрі аса тиімді болар еді.

ЖОО-ң оқытушылары ұйымдастырушылық мәселелерде жетекшіліктің жоқтығынан қиындықтарға ұрынды. Біреулер сабақтарын Skype-ға, біреулер болса – Zoom-да өтті, енді біреулер тапсырмаларды WhatsApp-қа лақтырып отырды. Кейбір оқытушылар лекция мәтіндерін веб-камераға

жазып, студенттерге жібереді. Мұндай материалдардың сапасы әрине өте төмен, оларды қабылдай қою өте ауыр, әрі қиын. Тек қана ең аз дегенде YouTube-гі контент материалдар ғана кәсібилікпен түсіріліп, қойылған, оған студенттер де үйренген.

Сабакқа қатысуды тексеру жағынан да қиындықтар туындады. Кей оқытушылар чатта «+» қоюды сұраса, кейбірі веб-камераны қосып студенттер арқылы немесе өздері скрин-шот жасап есеп беріп отырды. Барлық осы аталған түсінбеушіліктер мен қолайсыздықтар фонында тек қана өзгеріссіз қалатын бір ғана элемент, дүние бар, ол- баға болады. Студенттер білім беру тәжірибесін кампуста алмаса да, бірақ олар формалды болса да баға алады.

Ал онлайн-оқытуда мұндай минустар жоқ, себебі оның негізінде мұқият түрде жобаланған электронды нұсқадағы тұтастай ақпараттық-білімдік жүйедегі оқу процесі жатыр. Мұндай оқытуда, яғни онлайн оқытуда оқытушыларда әдістемелік нұсқаулар, ескертпелер, чек-парақшалар және презентациялар да барлығы бар, мұнда барлығы ескерілген.

Онлайн-оқытуда педагогикалық дизайн онлайн-курстың жобалау курсы ретінде болады. Ал қашықтықтан оқытуға көшуде мұндай керекті жағдайлар жоқтың қасы, әсіресе Ресейде де.

Онлайн-курсты жоспарлауда педагогикалық дизайнер материалдың меңгерілу қарқынын, ақпаратты беру формасын ойластыру керек, әрі болашақ тыңдаушылар санын да ескеру керек. Егер де біртегізде курста 35 адам оқыса-бір әдістеме, ал егер де 1000 адам болса – мүлдем басқа: бақылау- өлшеу материалдарын саралап әрі оны автотексеруден өткізу керек. Бұл оқытушының уақытын уақытын үнемдеу үшін жасалуға тиісті нәрселер.

Жоспарлауда мақсатты аудитория зерттелу керек, оқу материалы қалыптасу керек, контент типтері, түрлері анықталу керек, тыңдаушылармен өзара әрекет форматы, тапсырмалар түрлері тексеріліп анықталуы тиіс – тіпті емтихан тапсыру мен кері байланыс орнатуға дейін мұқият алдын ала жоспарлану керек.

Қашықтықтан оқытуға арналған Онлайн-курстар кәсіби студияларда эксперттер тобы көмегімен түсіріледі. Ресейлік материалдарды зерттеу арқылы мынаны білдік: бір курсты жасау ісіне 1 миллион ресейлік рубльға дейін қаражат кетеді екен. Онлайн-курсты құру, жасау – бұл ерекше ауыр да қиын еңбек. Тек қана камера алдында отырып студенттерге аудиториялық материалды атып беру ғана емес – барлық контентті бейімдеу керек.

Заманауи таңда басымдық маңызға ие болып отырған біршама дүниелер бар, олар нейротехнологияның үлкен мәліметтері мен мен жасанды интеллект, сымсыз байланыс технологиялары, экономикалық дамудың өзекті драйверлері ретінде болатын виртуалды мен қосалқы шындықтың дамуы болып отыр. Бұл факторларды жоғары мектепте де ескеру қажет болады, себебі сандық сауаттану білім сапасын арттырудың тиімді құралы, жастар ортасы мен жаңа типтегі экономика үшін мамандарды даярлауда ғылыми-инновациялық белсенділіктің импульсі ретінде бой тартады [4].

Барлық студенттер digital ұрпағына жатады, олар күнделікті өмірде жаңа технологияларды қолдануға аса үлкен бейімділік танытуға қабілетті болып отыр. Университеттің сандық сауаттануы оны мақсатты аудитория үшін аса адаптациялы, әрі бейімді етеді. Бұл сөзсіз жоғары оқу орнының білім нарығында бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатады.

Жастар ортасында ғылыми-инновациялық белсенділікті дамыту мен жоғары оқу орнында сандық экономика үшін мамандар даярлауда сенім мен шығармашылық атмосферасы қалыптасады, бірлесу педагогикасы идеясы жүзеге асады. Жетекші бизнесмендермен, қазақстандық оқымыстылармен, ресейлік және шетелдік компаниялар өкілдерімен, мемлекеттік және қоғамық мекемелер өкілдерімен біресе отырып, ҚР экономикасын сандық сауаттылықпен тығыз байланысты заманауи мәселелерді талқылау тек қана дәстүрлі формада ғана ұйымдастырылып қана қоймай, әрі студенттердің ғылымы мен ғылыми-зерттеушілік жұмыстарын бұқараға таратудың инновациялық форматтары да кең қолданылады. Олардың ішінде:

– «Work Shop», «Science Slam», «Ғылым апталығы», «Профессордың келуі» форматындағы жетекші отандық және шетелдік мамандар мен кәсіпкерлердің қатысуымен өтілетін ғылыми семинарлар;

– «Жастар инновациясы-бизнес пен аймаққа» деген тақырыптағы сияқты аймақтық және университет аралық ғылыми-практикалық семинарлардың сериясы;

– тәжірибеде еңбек етуші бизнесмендер мен бизнес-жаттықтырушылармен «Босқа 100 сұрақ» деген тақырыпта көптеген бизнес-тренингтер мен семинарлар;

– жастар ғылымының фестивалі;

- шетел тілдерінің декадасы;
  - «Брейн-ринг» интеллектуалды ойындар сериясы;
  - студенттердің ғылыми клубтарының мәжілістері;
  - «Жас инвестор мектебі» мен «Жас маман мектебі» іскерлік интеллектуалды ойындары және т.б.
- [3].

Қазіргі таңда біздердің жоғары оқу орындарының алдында электрондық орта жағдайында шығармашылықты дамытуда студенттерді даярлап және оқытушыларды қолдау міндеті қойылып отыр.

Ресей сияқты Қазақстан да бірте-бірте өзінің білім беру жүйесін үздіксіз білім беру түрінің алуан түрі мен икемділігін қамтамасыз ету үшін электронды мен аралас оқыту түрлерінің кепілді түрлерін қолдана отырып, ақпараттық дағдылар мен құзіреттерді дамыту, педагогикалық зерттеулер мен болжамдарды дамыту және ашық электронды білім жүйесін құруда нормативті кедергілерді жоюы тиіс болады. Жоғары білімнің сандық сауаттануы жайлы айтқанда, заманауи жоғары оқу орындарының сандық технологияларының қолданылуының үш аспектісі жайлы сөз болады:

- Сандық технологиялар көмегімен оқыту;
- Сандық технологияларды білім беру менеджментінде әрі білім беру мекемесінің индивид ретінде қолдану (сонымен қатар материалды, құзіреттерді меңгеру дәрежесін бағалау үшін және білім беру тректерін құру мен түзету үшін);
- Кәсіби мақсаттар үшін сандық технологияларды оқыту.

Уақыттың талаптарына қол соза келе, біздер тиісті сұраныстарға орай кәсіби құзіреттерді алу үшін бірте-бірте аддитивті білім беру ортасын қалыптастырамыз. Шындыққа келгенде, жоғары оқу орнының классикалық үлгісі индустриалды логикада қатып қалды деген сарапшылар пікірлерімен келісуге тура келеді. Үздіксіз білім беру жүйесіне көшу —бүкіл өмір бойына білім алу кеңістіктік үлгіні, яғни — креативті-инновациялық кеңістіктік модельді (КИК) қажет етеді. Сандық интерфейстермен аналогты мәдени орта жоғары оқу орындарында бірте-бірте дамып келеді. Ол өзіне барлық сегменттерлі қосып алады: білім алу (тыңдаушылардың мәдениеті мен құзіреттерін қалыптастыру процестері); оқиғалар (білімдік және ғылыми іс-әрекетте жүзеге асатын іс-шаралар); сервис, қызмет көрсету (білімдік және ғылыми іс-әрекетті жүзеге асыру үшін құралдар); инфрақұрылым (білімдік және ғылыми іс-әрекетті жүзеге асыру үшін шарттар мен ережелері); жобалар (ғылыми іс-әрекет пен интеграцияны ФТІ жүйесіне жүзеге асыру тәсілдері); адамдар (креативті-инновациялық іс-әрекеттің қатысушылары).

Сандық технологияларды қолдану арқылы оқыту аспектісіне келетін болсақ, онда екі сәтке тоқталу керек. Ең алдымен, бұл аралас оқу бағытындағы вектор (blended learning).

Үшшамалы модельдер мен пәндер үшін тақырыптық жиынтықтар жасалатын болады.

Жоғары оқу орындары үшін бұл бағыт өзекті болады. Виртуалды лабораториялар, симуляторлар, виртуалды және қосалқы шындық мүмкіндіктерін қолдануға негізделген курс компоненттері еуропалық және қазақстандық университеттер тәжірибесінде бірте-бірте пайда болып келеді. Академиялық мансапты құру зерттеулер жетістіктері мен сабақ беру сапасына негізделеді, себебі сабақ беру бұл — сапалы білімнің кепілі, оның ішінде қоғам да ол мәселеге қызығушылық танытып отырады.

Ресей Федерациясы Білім Министрлігінің жоғары білім беру саласы мемлекеттік саясатының директоры А. Соболев былай дейді, «сандық орта оқытушылардан студенттермен мүлдем басқаша жұмыс жасаудың тәсілдерін, өзгеше ментальдылықты, өзгеше әлем картинасын қажет етеді. Оқытушы студенттер үшін тьютор болады, оңай емес сандық әлемге өткізуші рөлін атқарады» [4]. Т. И. Никулина, білімнің сандануы жайлы ой талқысын келесідей жеткізеді, «білім берудің сандануы білім беру стандарттарында өзгерістердің орын алуына алып келеді және білім беру процесінің қайтадан құрылуына, педагог рөлінің қайтадан саралануына бағытталады» [3, с. 109].

Бір жағынан, оқу процесінің жаңа үлгісі, моделі оқу процесін мейлінше икемді ете түседі, студентке ыңғайлы уақытта оқу процесіне енуіне мүмкіндіктер кеңінен береді. Бірақ ол әрине оқытушы мен студенттің жеке тұлғалық қарым-қатынасын, яғни «бетпе-бет» қарым-қатынастан айырады. Енді бір жағынан, бұл Сколковский атындағы ғылым мен технологиялар институтының президенті Александр Кулешов бұл туралы олар «басқаша құрылғандар және олар жаңа буынның өкілдері» дейді [7]. Бірақ әрбір жаңа буын ол өзгеше буын деп санайды, бірақ 30 не 40 жасқа келгенде жас адамдар өздерінің де сондай екендіктерін түсінеді! «Сандық туылғандар» буыны шындығында адамзат тарихында бірінші рет болып отыр. Бірақ бұл тек қана болбар, болжам, қатты

сөздер ғана. 21-ші ғасырда туылған студенттер оқытуда айрықша жаңа көзқарасты бағыттарды қажет етеді деген біржақты қорытынды жасайтындай ғылыми дәлелденген база жоқ. Керісінше, британдық ғалымдар Дж. Санчес Дж., А. Салинастар жүргізген пилоттық зерттеу мынаны көрсетті, студенттер өздері мойындағандай үлкен педагогикалық қолдау көрсетуді қажет етіп отыр [8, 546].

2017 жылдың қазан айына өткен «Сандық экономика. Жаһандық трансформация шақырады» атты Форумда швейцарлық басқаруды дамыту Халықаралық институтының (IMD) президенті Жан-Франсуа Манзони былай деп еске алады: «Біздер он-он бес жыл бұрын әріптестермен курстарды бейне кассеталарға жазып алып оны сататын едік. Бірақ кейін мынаны білдік, жазылған курс бойынша жаттап алу мүмкін емес – адамдар оқытушылардың дәрістерін тірідей тыңдағылары келеді екен!» [7]. Бірақ, батыстық студенттер жаңаша оқығылары келмейтін болар, ал ресейлік студенттер «аналогты» оқытудан сандыққа көшуге даяр екендіктерін көрсетіп отыр. Ал, біздің студенттер ше?!

#### **«Білім берудегі сандық технологиялар»**

Сандық технологиялар көмегімен оқытушылар материалды тиімдірек ұсына алатын болады, сондықтан да оқытудың мүмкіндіктері кеңееді.

Бүгінгі күні оқытушылар күллі әлемнің өзге институттар мен мектептердегі әріптестермен қарым-қатынасқа шыға алады. Олар бұрыннан-ақ конференциялар мен жиналыстардың офлайн кеңістігінен шығып, вебинарлар мен бейнеконференция, онлайн чаттарға өте қызығып сүйіспеншілікпен қатысып отыр.

Білім берудегі сандық технологиялар – бұл сандық технологияларға негізделген заманауи білім беру ортасын ұйымдастыру тәсілі.

Бірақ әлі болашақтағы өзгерістер жайлы толығырақ айту қиын, тек нендей өзгерістер орын алатындығын айтуға болады. Оқу материалдары, жоспарлар, журналдар мен күнделіктер — осылардың барлығы онлайнға көшеді. Оқушы үйден шықпастан Ғаламтар арқылы сабақ өтіп оқи алатын болады. Өзіне қажетті нәрсені тауып алуға мүмкіндік беретін электрондық ресурстар құрылатын болады. Мектептер заманауи технологиялармен жабдықталатын болады: компьютерлер, планшетті панельдер.

Мұғалімдер жаңа білім беру жүйесіне оқуларына тура келеді. Бұл мамандық толығымен өзгертін болады. Сандану деген бұл материалды дербес жеке түрде оқып меңгеру дегенді білдіреді. Педагог тек қана көмек қажет болғанда қажетті көмекші, тәлімгер рөлінде болады. Болашаққа қадам. Сандық білім алуға ауысу, көшу — бұл Ғаламтор-технологияларды құруға жасалатын маңызды кезең болады. Қазіргі таңда ғылым аса қарқынды жылдамдықпен дамуда, күніге жаңа қрылымдар пайда болу үстінде. Сандық білім мектеп оқушыларына болашақтағы ақпараттық әлемде жақсы бағдарлануға көмектеседі.

#### **Күндізгі оқытудың жаңа форматтары**

Сандық әлемдегі күндізгі оқытудың жаңа форматтары шығармашылықпен, команда құру, коммуникация мен бірлесуге байланысты күздіреттерді дамытады және әдеттегі ереже бойынша тәжірибеде оқыту немесе коллаборативті оқыту түрі болады.

**Митап (meetup)** — бұл тәжірибе алмасу үшін мамандардың пәндік саладағы кездесуі болады. Корпоративті білім беруде митаптарды әріптестер арасында тәжірибе алмасу үшін, идеялар генерациясы үшін, міндеттерді шешу және тағы басқа да мәселелерді шешуде өткізуге болады. Мұндай кездесулер қысқамерзімдік (2 сағаттан аспайтын), формальды емес және белгілі бір тақырыпта үнемі өтілетін сипат алатын болады.

**Білімдік саяхат (learning journey)** — бұл болашақ жайлы негізгі болжамдарды өзгерту мен тестілеу мақсатындағы жаңа мүмкіндіктер мен мәдениет, тәжірибені зерттеу процесі болады.

**Трансформациялық лаборатория (transformation laboratory)** түрлі тәжірибеге ие және түрлі мамандық иесі адамдар тобын дағдыларды дамыту мен оны коллаборативті меңгеру технологиясы үшін үнемі жинап отыруды білдіреді. Лабораторияның мақсаты бар технологиялар мен дағдыларды жинақтау мен әрі оны трансформациялау болмақ.

**Хакатон (hackathon)** — бұл іс-шара кезінде түрлі сала мамандары (программистер, дизайнерлер, менеджерлер және т.б.) бірлесе отырып белгілі бір міндетті шешу үшін өнім/процесті құруда жұмыс жасайды. Мысалы, жаңа қосымшаның прототипін, сервистік қызмет көрсету немесе өнімнің жасалуы

#### **Баршаға ашық онлайн-курс**

Мұндай курстар студенттердің өзара қарым-қатынасын және бағалауын (peer-assessment) ынталандырады.

### **Адаптивті электрондық курс**

Тұтынушылық қызығушылық деңгейін арттыруда маңызды қадам адаптивті электрондық курстарды құру болып табылады. Курсты бұлайша құру оқытудың тұлғалық бағытталуын өте тиімдірек етеді, тыңдаушылар өз уақыттарын басқара алатын болады. Курстың мазмұны сұранысқа қарай қолжетімді және белгілі бір хронологиялық шеңберге байланып қалмайды.

**Интерактивті қашықтықтан сабақ беру (life virtual).** Бұл сабақ оқып білім алушылар мен оқытушылардың (қашықтан) жанама түрде ақпараттық-телекоммуникациялық желілерді қолдану арқылы (чат- и веб-сабақтар, телеконференциялар, вебинарлар мен и веб-конференциялар, «тірі виртуалдылық» форматындағы қашықтықтан сабақтар) түрі болады.

**Виртуалды сыныптар өзараәрекет үшін түрліше интерактивті шараларды ұсынады:**

- **бейнетрансляциялар** қатысушылардың бейнесін немесе ақпаратты беру жолы;  
- **виртуалды тақта / флипчарт, whiteboard** бұлар ескертпелерді немесе пікірлерді, ой, идеяларлы жеке-дара не бірлесіп білдіруге мүмкіндік береді.

Кәсіби білімді дамытудың заманауи кезеңі сандық экономика мен сандық қоғамға ауысудың жаһандық ағымдарымен сипатталатын сандану процесін білдіреді. Global Education Futures жасаған келесі тақырыптағы «Образование для сложного общества» (2018 ж.) баяндамасына сәйкес сандану бұл «біздің болашағымызды анықтайтын мегатренд болады».

Оқып-білім алушылардың жаңа буыны (Z ұрпағы) сандық технологиялар, оның ішінде білімдік аса маңызды сандық технологиялар қалыптастыратын сандық ортада өмір сүреді (В.И. Блинов): телекоммуникациялық технологиялар, үлкен мәліметтер, бөлінген реестр жүйелері, жасанды интеллект, робототехника компоненттері, сымсыз байланыс технологиялары, виртуалды және қосалқы шындық технологиялары, электрондық идентификация мен аутентификация технологиялары, арнайы білімдік бағыттағы сандық технологиялар, ғаламтор заттар. Кәсіби білім аумағының сандық трансформациясының ағымдары педагогтан ксәбii іс-әрекетті жүзеге асыруда АКТ құзіреттілігінің жоғары деңгейін талап етеді, себебі нақ осы педагогтар алдағы уақытта жас буынды заманауи сандық қоғамдық өмірдің өмірі мен іс-әрекетіне даярлауға міндетті болады. Заманауи педагогтардың АКТ құзіреттілігінің өзектілігі мен маңыздылығы әрі оған сандық сауаттылық кіре отырып, ЮНЕСКО «Структура ИКТ-компетентности учителей. Версия 3» («UNESCO ICT Competency Framework for Teachers. VERSION 3» (ICT CFT), 2018), БҰҰ-ң Бас Ассамблеясы қабылдаған «2030жылға дейінгі кезеңге арналған тұрақты даму саласындағы күн тәртібінде» сәйкес келетін жаңа нұсқауларында бейнеленген. Global Education Futures и WorldSkills Russia эксперттері «Навыки будущего» (2017 г.) жаңа баяндамасында АКТ-құзіреттілігі құрамына кіретін сандық сауаттылықты ерекше бөледі, әрі оны адамға болашақта қажет болатын негізгі дағдылардың бірі деп атайды. «Форсайт образования 2035» (РАНХиГС), Бағдарламасы 2035 жылға дейін білім берудің стратегиялық бағдарларын анықтай отырып, санданумен қатар білім беруде болашақ трендтердің ішінен білім берудің даралығын және құзіреттілікті бағыт-көзқарасты ерекше бөледі.

### **Карантин кезінде қалай оқу керек ?**

Онлайн-білім беру мен бүгінгі шұғыл түрдегі студенттер мен оқытушылардың коммуникациясы – мүлдем түрлі заттар. Егер де Сіздер студент немесе оқытушылардан онлайн-оқыту – бұл қызықты емес, тірілей қарым-қатынас жетіспейді және мұндай оқытудың тиімділігі төмен дегендерге былай деу керек: мұның барлығы нағыз шынайы онлайн-оқытумен ортақ ешнәрсесі жоқ. Екеуі екі түрлі дүние.

Бұдан шығаратын қорытынды: қазақстандық университеттер мен ректорларға заманауи білім берудің заманауи әдістеріне инвестиция жасап, ескі бұрынғы тәжірибеден бас тарту керек.

### *Қолданылған әдебиеттер:*

1. V.I. Blinov. *Uchebnoe posobie "Vvedenie v pedagogicheskuyu deyatel'nost'.*, Yurajt, 2018g.
2. Aksyuhin A. A., Vicen A. A., Meksheneva Zh. V. *Informacionnye tekhnologii v obrazovanii i nauke //Sovremennye naukoemkie tekhnologii.* — 2009. — № 11. — S. 50–52.
3. Vartanova E. L. *Industriya rossijskih media: cifrovoe budushchee : akademicheskaya monografiya / E. L. Vartanova, A. V. Vyrkovskij, M. I. Makseenko, S. S. Smirnov.* — M. : MediaMir, 2017. — 160 s.
4. *Vvedenie v «Cifrovuyu» ekonomiku / A. V. Keshelava, V. G. Budanov, V. Yu. Rumyancev [i dr.] ; pod obshch. red. A. V. Keshelava ; gl. «cifr.» kons. I. A. Zimnenko.* — VNII Geosistem, 2017. — 28 s

5. *Glavnyj trend rossijskogo obrazovaniya — cifrovizaciya [Elektronnyj resurs]. — Rezhim dostupa: <http://www.ug.ru/article/1029> (data obrashcheniya: 15.03.2018).*
6. *Informatizaciya obrazovaniya [Elektronnyj resurs] // Rossijskaya pedagogicheskaya enciklopediya. — Rezhim dostupa: <https://pedagogicheskaya.academic.ru/1241/> (data obrashcheniya: 15.03.2018).*
7. *Issledovanie rossijskogo rynka onlajn-obrazovaniya i obrazovatel'nyh tekhnologij [Elektronnyj resurs]. — Rezhim dostupa: <https://edmarket.digital/> (data obrashcheniya: 15.03.2018)*
8. *Kashina E. A. Prognozirovanie struktury integrirovannogo kursa informatiki : dis. ... kand. ped. nauk. — Ekaterinburg, 1997. — 187 s.*
9. *Laptev V. V. Metodologiya vizualizacii. — M. : Mir, 2011. — 304 s.*
10. *Marej A. Cifrovizaciya kak izmenenie paradigmy [Elektronnyj resurs]. — Rezhim dostupa: <https://www.bcg.com/ru-ru/about/bcg-review/digitalization.aspx> (data obrashcheniya: 15.03.2018).*
11. *Menyajsya ili uhodi. Cifrovoe obrazovanie brosaet vyzov prepodavatel'nyam vuzov [Elektronnyj resurs]. — Rezhim dostupa: <http://www.poisknews.ru/theme/edu/31969/> (data obrashcheniya: 15.03.2018).*
12. *Pedagogika : uchebnoe posobie dlya studentov pedagogicheskix vuzov i pedagogicheskix kolledzhej / pod red. P. I. Pidkasishtogo. — M. : Pedagogicheskoe obshchestvo Rossii, 1998. — 640 s.*
13. *Prioritetnyj projekt v oblasti obrazovaniya «Sovremennaya cifrovaya obrazovatel'naya sreda v Rossijskoj Federacii» [Elektronnyj resurs]. — Rezhim dostupa: <http://neorusedu.ru/about> (data obrashcheniya: 15.03.2018).*
14. *Rakitov A. I. Filosofiya komp'yuternoj revolyucii. — M. : Politizdat, 1991. — 287 s.*
15. *Cifrovizaciya [Elektronnyj resurs] // Vikislovar'. — Rezhim dostupa: <https://ru.wiktionary.org/wiki/cifrovizaciya> (data obrashcheniya: 15.03.2018). Shvab D.K. Chetvertaya promyshlennaya revolyuciya [Elektronnyj resurs]. — Rezhim dostupa: <https://mybook.ru/author/klaus-shvab/chetvertaya-promyshlennaya-revolyuciya/read/> (data obrashcheniya: 15.03.2018).*